



### Аудан әкімі Нұрлан СЕЙЛОВТЫҢ құттықтауы

Құрметті астрахандықтар! Сіздерді келе жатқан 25 қазан - Республика күнімен құттықтаймын!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан, қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек», - деді.

Президент 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданғанын еске салды. «Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Осы құжатты қабылдаған кезде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды, тіпті шешуші рөл атқарды», - деді мемлекет басшысы.

### ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ МӘРТЕБЕСІ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Республика күні, 25 қазанда Қазақстанның мұқым халқының достығы, төзімділігі, жеткен жетістігі, ұлттық стратегиялық мүддесі мейлінше насихатталып, патриоттық, бүгінгі Қазақстан патриоттығын айқындайтын факторлар әлемге паш етілуі тиіс деп ойлаймыз.

Еліміздің жалынды жастары бастарын бәйгеге тігіп, бодандық құрсауынан шығуға ұмтылған қыршын ерліктері бүгінгі Тәуелсіз Еліміздің жарқын істерімен жалғасын табуда. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні Сізге игілік пен бақыт, бақ - дәулет, ырыс тілеймін. Қазақстанның

тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларың сәтті болсын!

Еліміздің мәртебесі биіктеп, әлемге шарықтай беруіне деген ыстық ықыласымды жеткіземін. Еліміздің дәулеті, жеріміздің сәулеті жолындағы игілікті істеріңіз табысты болсын!

Бұл күн - ата - бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Осындай маңызы бар тарихи думанда еліміздің туы асқақтап, келешегі өркейе берсін. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, сәтті күндер, зор жетістіктер тілеймін.

### Құрметті жер- лестер! Рухани келісім күні құтты болсын!

30 жыл бұрын Бүкіләлемдік рухани келісім конгресі өтті. Содан бері ҚР Тұңғыш Президентінің бастамасымен 18 қазан рухани келісім күні ретінде атап өтілуде.

Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Береке мен бірлік, тұрақтылық пен тыныштық, татулық пен келісім - біздің басты байлығымыз». Баршаңызға бейбіт аспан, келісім



мен тұрақтылық, мықты денсаулық, жақсылық тілеймін. Қазақстан Республикасын одан әрі дамытудағы ортақ мақсаттарға бірге жете берейік!



### УВАЖАЕМЫЕ АСТРАХАНЦЫ!

Разрешите от всей души поздравить вас с праздником - Днем Республики. 25 октября 1990 года была принята Декларация о государственном суверенитете Казахстана. Это был первый шаг нашей страны на пути к независимости. 25 октября теперь относится к национальным праздникам и признан Днем Республики, поскольку этот день, 32 года назад повлиял на развитие казахской государственности. Результатом напряженного труда, личных свершений и стремлений складывается судьба нашей Родины. Казахстан - это наша страна, которую мы любим и которую хотим видеть успешной и процветающей.

Хочу пожелать вам крепкого здоровья, семейного счастья, добра и благополучия, мира и процветания. Пусть вас никогда не покидает оптимизм, душевный подъем и твердая уверенность в завтрашнем дне!

Мейрам ҚОЖАХМЕТ,  
секретарь Астраханского  
районного маслихата.

### ХАЛЫҚА АЗЫҚ-ТҮЛІКТЕР ҰСЫНЫЛДЫ

Өткен сенбі күні қарттарды қолдау айлығы аясында аудан орталығына қарасты Жалтыр ауылының орталық алаңында ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

### АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕСІ



Ауданға қарасты біршама ауылдық округтерінен жеткізілген ет, сүт өнімдері, нан, бидай және көкөністер төмен бағада саудаланды. Таңертеңнен жәрмеңкеге асыққан Жалтыр тұрғындары мен қонақтарының қарасы қалың болды. Табиғи таза ауыл өнімдерін сатып алуға асықты.

Біздің өңірімізде әр мекреке

сайын мұндай жәрмеңкелерді ұйымдастыру дәстүрге айналған. Халыққа ұсынылған азық-түліктің бағасы да қара базардағыдан біршама арзан. Сондықтан, жәрмеңке қарапайым тұрғындарға ақша үнемдеуге, ең бастысы таза өнімдерді алуға мүмкіндік береді.

Жәрмеңке әлеуметтік маңызы зор азық-түлік құнының

тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында өткізілуде. Ауданның шаруа қожалықтары әкелген ет өнімдерінің бағасы сан түрлі.

Күнделікті тұтынатын азық-түлігін айтарлықтай арзан бағада сатып алған тұрғындар ден риза. Сөмкелерін толтырып, үйлеріне қуанып қайтып жатты.

Арман ЖАПАРОВ.

### МАСТЕРСТВО И СПЛАЧЕННОСТЬ

В физкультурно-оздоровительном комплексе «Жастар» села Астраханка прошли соревнования по мини-футболу среди сотрудников органов гражданской защиты ДЧС Акмолинской области, посвященные праздникам - День спасателя и Дню Республики Казахстан.



В мероприятии приняли участие 6 районов Акмолинской области такие как: Атбасарский, Жаксынский, Есильский, Буландынский, Сандыктауский и Астраханский районы.

Соревнования прошли на высшем уровне в упорной борьбе за первые места. Команды в игре показали свое мастерство и сплоченность также как и в работе. Ведь от этого всегда зависит результат любого дела.

По результатам с соревнования места распределились следующим образом: 1 место заняла команда Жаксынского

гарнизона, 2 - команда Буландынского гарнизона, на 3 месте - команда Есильского гарнизона. Также в ходе соревнования были выделены и такие номинации как «Лучший бомбардир», «Лучший защитник» и «Лучший вратарь». По итогу победители были награждены почетным грамотами ДЧС Акмолинской области и медалями. Поздравляем победителей с профессиональным праздником и желаем им дальнейших успехов.

Пресс-служба  
акима района.

## ҚР ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАУЫ - 2022



## ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА РК - 2022

## 2022 ЖЫЛ 20 ҚАРАША

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
САЙЛАУЫҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ  
КАНДИДАТҚА ҚОЙЫЛАТЫН  
ТАЛАПТАР ТУРАЛЫ

Кандидат тумасынан Республика азаматы болып табылатын;

- Қырық жасқа толғаң;
- Мемлекеттік тілді еркін меңгерген;
- Қазақстанда соңғы он бес жыл бойы тұратын;
- Жоғары білімі бар;
- Мемлекеттік қызметте немесе сайланбалы мемлекеттік лауазымдарда кемінде 5 жылды құрайтын жұмыс тәжірибесі бар;

- Белсенді сайлау құқығына ие азамат болуы тиіс.
- Кандидаттарды республикалық қоғамдық бірлестіктер ұсынады.

- Кандидаттарды ұсыну 2022 жылғы 11 қазан сағат 18:00-де аяқталады.

- Кандидаттарды тіркеу 2022 жылғы 21 қазан сағат 18:00-ге дейін.

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ  
ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Сайлаушылар тізімдеріне Республиканың белсенді сайлау құқығы бар және тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген азаматтар енгізіледі.

Әрбір азамат тұрғылықты жеріне қарамастан тиісті жергілікті атқарушы органда сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.

2022 жылғы 20 қазанға дейін сайлаушы тұрғылықты жері бойынша учаске тізіміне енгізу үшін тиісті әкімдікке өтініш беруге құқылы.

Тұрақты тіркеуі жоқ азаматтар орналасқан жері бойынша әкімдіктерге берілген жазбаша өтініш негізінде тізімдерге енгізіледі.

Азамат сайлаушылардың бір ғана тізіміне өне алады.

Сайлаушылар тізіміне енгізуді тексеру немесе тізімге енгізу үшін қайда жүгіну қажет екенін тиісті әкімдіктің сайты немесе Call-орталығы арқылы ақпарат ала алады.

2022 жылғы 4 қарашадан бастап азаматтарға белгілі бір учаскедегі сайлаушылар тізіміндегі өздері туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ  
КАНДИДАТТЫ ҚОЛДАП  
ҚОЛ ЖИНАУ

Президенттікке кандидатты қолдау үшін:

Сайлаушылардың кандидатты қолдауы олардың қол жинауы арқылы расталады.

Президенттікке кандидатты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының кем дегенде үштен екісінің атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде бір проценті қолдауы тиіс.

Қол жинауды сенім білдірілген өкілдер ұйымдастырады және қол қою парақтарымен ресімдейді.

Кандидаттың талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін Орталық сайлау комиссиясы екі күннен кешіктірмей қол қою парағының үлгісін бекітеді.

Әрбір қол қою парағының рет нөмірі болуы тиіс. Сондай-ақ параққа кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты мен оған сенім білдірген адамының қолы, қол жинаушының тегі, аты, әкесінің аты, қол жинаған елді мекеннің атауы және қол қойған адамдар туралы мәліметтер енгізілуі тиіс.

Қол жинаушы адам жұмыс барысында кандидаттың сенім білдірген адамының тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін көрсетуге тиіс.

Толтырылған қол қою парақтары аумақтық сайлау комиссияларына тапсырылады.

Аумақтық сайлау комиссиясы қойылған қолдардың растығын 5 күн ішінде анықтайды, тиісті хаттаманы ресімдейді және оны Орталық сайлау комиссиясына жолдайды.

Қойылған қолдардың дұрыстығын тексеру Президенттікке кандидатқа қажетті нақты қойылған қолдар саны анықталғанға дейін жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы.

20 қараша  
ноября 2022

ЖИГУЛИ ДАЙРАБАЕВ:  
«ДАЙЫНДЫҚҚА УАҚЫТ  
АЗ БОЛДЫ» ДЕУ –  
ЖАЛҚАУДЫҢ ТІРЛІГІ

Алдағы кезектен тыс президент сайлауында кімді қолдайтынын Қазақстан сайлаушылары шешеді. Мұндай пікірді 20 қарашада өтетін кезектен тыс президент сайлауына «Ауыл» партиясынан кандидат Жигули Дайрабаев білдірді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«20 қарашада өтетін президент сайлауына кандидат болып тіркелдім. Қазір куәлігін Әбдіров мырза тапсырды. Ең алдымен ОСК мүшелеріне, екіншіден санаулы күннің ішінде сайлаушылардың 1 пайыздан астам қолын жинап берген «Ауыл» партиясы мен Қазақстан фермерлері қауымдастығының мүшелеріне ризашылығымды білдіремін. Президент сайлауына кандидат ретінде қатысу үлкен жауапкершілік жүктейді. Қазақстанның патриоты ретінде оны өте жақсы сезінемін, жауапкершілікті түсінемін. Осы сайлауда кандидат ретінде алға қойған жоспарларым бар. Оның бәрін заңға сәйкес 21 қазан күні кешкі сағат 18.00-ден кейін жариялаймыз. Қазір «Ауыл» партиясы кеңесінің мүшелерімен, белсенділермен сайлауды бағдарламамызды, жоспарларымызды дайындап жатырмыз. Заңға сәйкес уақытында жариялаймыз», - деді Жигули Дайрабаев кандидат ретіндегі тіркелгеннен кейін БАҚ өкілдерінің сауалына орай.



Кандидат алдағы сайлауда кімді қолдайтынын, кімге дауыс беретінін Қазақстан сайлаушылары шешетінін баса айтты.

«Ауыл» партиясында 300 мыңнан астам, Қазақстан фермерлер қауымдастығында 52 мыңнан астам мүше бар. Сайлау заңнамасына сай үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, көпшіліктің қолдауына сенеміз. Әрбір сайлаушының дауысын алуға тырысамыз. Біз кез келген жағдайға 365 күн дайын болуымыз керек. «Дайындалуға уақыт аз болды, жетпей қалды» деу - жалқаудың тірлігі. Сондықтан әрекет еткен, тырысқан, талаптанған адамға бәрі шешіледі. Жасыратыны жоқ, өзім де қол жинадым. Жұбайым да көмектесті. Жеке өзім 450-500 қол жинадым», - деді ол.

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУШЫ ӘЛТАЕВ ТУРАЛЫ:  
СОТ ДҰРЫС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ

Соттың «Мұқалмас» республикалық қоғамдық бірлестігінің Нұржан Әлтаевті президенттікке кандидат етіп ұсыну туралы хаттамасын жарамсыз деп тануы дұрыс. Мұндай пікірді «Әділ сайлау үшін» штабының мүшесі, заңгер Ермек Әбдірасылов білдірді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Меніңше, сот дұрыс шешім қабылдады. Онда (сотта) қажетті барлық материал бар. Қоғамдық бірлестіктердің жиналысы қалай өтуі тиістігі, қанша адам қатысу керектігі, филал өкілдерінің қандай пайызы сол жиналысқа қатысуы



қажеттігі жазылған жарғы бар. Мендегі ақпаратқа сәйкес, филиалдар ұсынған өкілдердің саны толық қатысқан жоқ.

Ал жиналысқа кемінде 40 адам қатысуы тиіс еді. Бейнежазбадан не бәрі 17 адам қатысқаны анықталды. 11-і қарсы шығып, алтауы Әлтаевтың кандидатурасын

ұсынуды жақтап дауыс берді. Демек, сот шешімімен заңнама талабы орындалып отыр», - деді заңгер.

Сонымен қатар ол қоғамдық бірлестіктер жарғыға сәйкес жиналыс өткізуі керектігін баса айтты.

«Егер олар айтқан фактілерге сай келмейтін мәліметтер ұсынатын болса, онда сот басқа қандай шешім шығаруы керек?! Меніңше, хаттама шындыққа сай келмейтіні анық. Сот заңды шешім қабылдады деп санаймын», - деді Ермек Әбдірасылов.

Еске салсақ, Орталық сай-

лау комиссиясы 7 қазан күні президенттікке үміткер ретінде ұсынылған Нұржан Әлтаевтің құжаттары бұр-малану фактісіне тексеріліп жатқанын мәлім еткен еді.

Ал 12 қазанда «Мұқалмас» бірлестігі Нұржан Әлтаевтың сайлауға түсуіне қарсылық білдіріп сотқа жүгінгені хабарланды.

Бүгін Астана соты «Мұқалмас» республикалық қоғамдық бірлестігі отырысының Нұржан Әлтаевті президенттік кандидат етіп ұсыну туралы хаттамасын жарамсыз деп тану туралы талапты қанағаттандырды.

ПРОТОКОЛ О ВЫДВИЖЕНИИ БЫВШЕГО ЧИНОВНИКА  
Н. АЛЬТАЕВА КАНДИДАТОМ В ПРЕЗИДЕНТЫ  
ПРИЗНАЛИ НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Суд района «Байконур» города Астаны признал недействительным протокол заседания РОО «Мұқалмас» о выдвижении Нуржана Альтаева кандидатом в президенты. Об этом сообщила пресс-служба городского суда, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«Истцы мотивировали свои требования тем, что по итогам собрания РОО 6 октября 2022 года Альтаев и приближенные к нему лица, при содействии других членов РОО сфальсифицировали итог голосования и протокол намереваясь самовольно подать на регистрацию в Центральную избирательную комиссию Республики Казахстан кандидатуру Альтаева приложив в обоснование видеозапись голосования членов РОО», - говорится в

сообщении.

Сообщается, что при проведении общего собрания большинство членов РОО проголосовало «Против» выдвижения Альтаева от имени РОО в качестве кандидата на внеочередных выборах президента Республики Казахстан.

«Согласно п. 33 Устава все решения принимают простым большинством голосов от общего числа присутствующих на общем собрании участников. Пункт 31 Устава гласит, что общее собрание признается правомочным, если в его работе принимают участие представители более половины региональных филиалов (представительств) объединения и общее количество участников собрания составляет не менее 40 человек», - уточнили в информации.



В суде было установлено, что фактически на общем собрании за выдвижение кандидатуры Альтаева проголосовали – шесть человек, против – 11 человек. Кроме того, на общем собрании участвовали и голосовали лица, которые не являются членами РОО и право голоса не

имеют.

7 октября в Центральную избирательную комиссию были представлены документы Нуржана Альтаева, выдвинутого от республиканского ОО «Мұқалмас».

Позже он сдал экзамен на знание государственно-

**АСТРАХАН АУДАНЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ЖӘНЕ КАМЕНКА АУЫЛЫ ӘКІМДЕРІНІҢ  
2022 ЖЫЛДЫҢ ТӨРТІНШІ ТОҚСАНЫНДА ХАЛЫҚПЕН ТҰРАҚТЫ КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ  
КЕСТЕСІ**

|                             | 27 қазан бейсенбі   | 28 қазан жұма   | 01 қараша сейсенбі  | 02 қараша сәрсенбі   | 03 қараша бейсенбі  | 04 қараша жұма  |
|-----------------------------|---|---|---|--|---|---|
| Астрахан ауылдық округі     | Жаңабірлік а.,<br>медициналық пункт,<br>сағат 11.00-де                      | Тобылжан а.,<br>негізгі орта мектеп,<br>сағат 11.00-де  | Астрахан а.,<br>аудандық Мәдениет үйі,<br>сағат 12.00-де        |  |   |   |
| Есіл ауылдық округі         | Степное а.,<br>негізгі орта мектеп,<br>сағат 11.00-де                       | Шілікті а.,<br>негізгі орта мектеп,<br>сағат 11.00-де   |   | Зеленое а.,<br>жалпы білім<br>беретін мектеп,<br>сағат 12.00-де      |   |   |
| Жалтыр ауылдық округі       | Ақбейіт а.,<br>медициналық пункт,<br>сағат 11.00-де                         | Жарсуат а.<br>негізгі орта мектеп,<br>сағат 10.00-де<br>Ягодное а.,<br>медициналық пункт,<br>сағат 12.00-де |   | Жалтыр а.,<br>ауылдық<br>Мәдениет үйі,<br>сағат 15.00-де             |   |   |
| Қызылжар ауылдық округі     | Оксановка а.,<br>негізгі орта мектеп,<br>сағат 11.00-де                     | Акимовка а.,<br>негізгі орта мектеп,<br>сағат 11.00-де  | Жаңа-Тұрмыс а.,<br>ауылдық клуб,<br>сағат 10.00-де              |  |   |   |
| Колутон ауылдық округі      | Бірлік а.,<br>негізгі орта мектеп,<br>сағат 11.00-де                        |   |   |  | Колутон а.,<br>жалпы білім<br>беретін мектеп,<br>сағат 12.00-де       |   |
| Николаев ауылдық округі     | Жамбыл а.,<br>жалпы білім беретін мектеп,<br>сағат 11.00-де                 | Өрнек а.,<br>бастауыш мектеп,<br>сағат 11.00-де   |   |  |   | Петровка а.,<br>ауылдық клуб,<br>сағат 14.00-де                   |
| Новочеркасск ауылдық округі | Өндіріс а.,<br>жалпы білім беретін мектеп,<br>сағат 11.00-де                | Пришимка а.,<br>негізгі орта мектеп,<br>сағат 11.00-де  |   | Новочеркасск а.,<br>жалпы білім<br>беретін мектеп,<br>сағат 10.00-де |   |   |
| Острогорск ауылдық округі   | Қаракөл а.,<br>негізгі орта мектеп,<br>сағат 11.00-де                       |   |   |  | Новый Колутон а.,<br>жалпы білім<br>беретін мектеп,<br>сағат 15.00-де |   |
| Первомай ауылдық округі     | Лозовое а.,<br>негізгі орта мектеп,<br>сағат 11.00-де                       | Камышенка а.,<br>жалпы білім беретін<br>мектеп, сағат 14.00-де  |   |  |   | Первомай а.,<br>жалпы білім<br>беретін мектеп,<br>сағат 12.00 -де |
| Ұзынкөл ауылдық округі      | Алғабас а.,<br>Ұзынкөл а. жалпы<br>білім беретін мектебі,<br>сағат 11.00-де | Булақты а.,<br>негізгі орта мектеп,<br>сағат 11.00-де   | Ұзынкөл а.,<br>жалпы білім<br>беретін мектеп,<br>сағат 15.00-де |  |   |   |

**ГРАФИК  
РЕГУЛЯРНЫХ ВСТРЕЧ АКИМОВ СЕЛЬСКИХ ОКРУГОВ И СЕЛА КАМЕНКА  
АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА**

|                               | 27 октября четверг  | 28 октября пятница  | 01 ноября вторник  | 02 ноября среда  | 03 ноября четверг   | 04 ноября пятница  |
|-------------------------------|---|---|--|--|---|--|
| Астраханский сельский округ   | с. Жанаберлик,<br>медицинский пункт,<br>11.00 час.                    | с. Таволжанка,<br>основная средняя школа<br>11.00 час.  | с. Астраханка,<br>районный Дом<br>культуры,<br>12.00 час.  |  |   |  |
| Есильский сельский округ      | с. Степное,<br>основная средняя школа,<br>11.00 час.                  | с. Шиликты,<br>основная средняя школа,<br>11.00 час.  |  | с. Зеленое,<br>общеобразовательная<br>школа,<br>12.00 час        |   |  |
| Жалтырский сельский округ     | с. Ақбейіт,<br>медицинский пункт,<br>11.00 час.                       | с. Жарсуат<br>основная средняя школа,<br>10.00 час.<br>с. Ягодное,<br>медицинский пункт,<br>12.00 час |  | с. Жалтыр,<br>сельский Дом культуры<br>15.00 час                 |   |  |
| Қызылжарский сельский округ   | с. Оксановка,<br>основная средняя школа,<br>11.00 час.                | с. Акимовка,<br>основная средняя школа,<br>11.00 час.   | с. Жана-Турмыс,<br>сельский клуб,<br>10.00 час.            |  |   |  |
| Колутонский сельский округ    | с. Бирлік,<br>основная средняя школа,<br>11.00 час.                   |   |  |  | с. Колутон,<br>общеобразовательная<br>школа,<br>12.00 час.      |  |
| Николаевский сельский округ   | с. Жамбыл,<br>общеобразовательная<br>школа,<br>11.00 час.             | с. Орнек,<br>начальная школа,<br>11.00 час. .   |  |  |   | с. Петровка,<br>сельский клуб,<br>14.00 час.                 |
| Новочеркасский сельский округ | с. Ондирис,<br>общеобразовательная<br>школа,<br>11.00 час             | с. Пришимка,<br>основная средняя школа,<br>11.00 час.   |  | с. Новочеркасское,<br>общеобразовательная<br>школа,<br>10.00 час |   |  |
| Острогорский сельский округ   | с. Караколь,<br>основная средняя школа<br>11.00 час.                  |   |  |  | с. Новый Колутон,<br>общеобразовательная<br>школа,<br>15.00 час |  |
| Первомайский сельский округ   | с. Лозовое,<br>основная средняя школа,<br>11.00 час.                  | с. Камышенка,<br>общеобразовательная<br>школа,<br>14.00 час.  |  |  |   | с. Первомайка,<br>общеобразовательная<br>школа,<br>12.00 час |
| Узункольский сельский округ   | с. Алғабас,<br>общеобразовательная<br>школа с. Узунколь,<br>11.00 час | с. Булақты,<br>основная средняя школа,<br>11.00 час.  | с. Узунколь,<br>общеобразовательная<br>школа,<br>15.00 час |  |   |  |

## В ЧЕСТЬ ДНЯ БИБЛИОТЕКАРЯ



Миловидная, всегда улыбающаяся, приветливая, она уже знает вкусы своих читателей. Настоящий библиотекарь и должен быть таким сердечным, добрым, уважающим читате-

Мне хочется рассказать о Людмиле Львовне Омельянюк. Я с детства люблю читать. Без чтения не могу представить свою жизнь. И работа моя была связана с книгами, литературой. Всем известно, что литература- учебник жизни. Благодаря моему увлечению и профессии, приходилось за свою жизнь общаться с многими библиотекарями. Но такого обаяния, уважения к читателям я не встречала. Людмила Львовна пришла в нашу библиотеку 4 года назад и сразу завоевала любовь и уважение не только среди читателей, но и жалтырцев.

лей, любящим и ценящим книгу и свое дело.

Людмила Львовна проводит поэтические встречи, она знает местных поэтов, оформила папку с их стихами, оформляет выставки. В библиотеке любят бывать школьники. Что очень важно. Для активных читателей проводятся вечера- встречи, различные конкурсы. Она со всеми умеет найти общий язык на любые темы.

Людмила Львовна вдохнула в

нашу библиотеку свежую струю. В библиотеке уютно, обновляются тематические стенды и выставки.

Жалтыр богат интересными, достойными людьми и Людмила Львовна - одна из них.

Хочу от всей души пожелать ей здоровья, благодарных читателей, удачи, гармонии во всем, счастья, в личной жизни.

**Д. НИКИТИНА,**  
читатель.



## С ЗАБОТОЙ ОБ ЭКОЛОГИИ

В рамках Национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы Центром занятости населения предоставляются гранты в размере до 400-кратного месячного расчетного показателя (1 225 200 тенге) для реализации новых бизнес идей, на безвозмездной и безвозвратной основе.



### ПОВЫШЕНИЕ ДОХОДОВ

Магзумов Даурен Болатович после прохождения обучения основам предпринимательства по проекту «Бастау Бизнес», подал заявление на получение данного гранта путем регистрации на портале business.enbek.kz с бизнес-проектом «Бытовая химия в розлив». Основной целью его проекта является защита окружающей среды путем снижения выброса пластика в природу, так как для приобретения его продукции не нужно будет переплачивать за

тару, а попросту прийти со своей и заплатить только за чистый продукт.

После презентации своего проекта и получения положительного ответа Даурен начал реализацию своего бизнес-плана.

В данный момент он осуществляет свою деятельность по продаже бытовой химии в ТД Малика.

**И. ВОРОНЦОВ,**  
специалист Центра  
занятости населения.

### МАҢЫЗДЫ!



## ТЕМІРЖОЛДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Теміржол барлығына, әсіресе балалар үшін қауіпті аймақ. Ол жасөспірімдерді ойынға, серуендеуге және көңіл көтеруге тартады.

Теміржол объектілерінде жүріс-тұрыс ережелерін қатаң сақтап, балалардың

теміржолдың, яғни белгіленген көпірлермен, арнайы жасалған төсемдер арқылы өтуін ескеруі керек.

### ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:

- вагон астынан өтпеңіз;
- Жүріп бара жатқан вагонның үстіне шықпаңыз;
- Теміржол бойында ойнамаңыз;
- Теміржол рельстеріне 5 метрден кем жақындамаңыз.

Теміржол - күнделікті миллиондаған жолаушылар пайдаланатын ыңғайлы әрі сұранысқа ие көлік түрі. Ата-аналар тарапынан және мектептерде түсінікті жұмыстарының жеткілікті жүрізілуі балалардың абай-



сызда теміржол жарақатын алудың алдын алады.

**Д. ШОРАЕВ,**  
Жалтыр ст. ЖПБ бастығы, полиция  
подполковнигі.

10-11 октября на базе ГККП «Агротехнический колледж, село Астраханка» прошел областной конкурс профессионального мастерства среди педагогов организаций технического и профессионального, послесреднего образования по компетенции Поварское дело.

В данном конкурсе приняли участие 12 педагогов и 9 колледжей Акмолинской области: «Строительно-технологический колледж», г. Кокшетау мастер производственного обучения Корниенко Анастасия Юрьевна, Агротехнический колледж, г.Есиль» мастер производственного обучения Клименко Наталья Валериевна, «Агротехнический колледж, село Жанаесиль» преподаватель специальных дисциплин Смагулова Айман Максумовна, Аграрно-индустриальный колледж г. Атбасар мастер производственного обучения Тарынина Надежда Сергеевна, Агротехнический колледж г. Ерейментау мастер производственного обучения Мелентьева Людмила Николаевна, Агротехнический колледж г. Ерейментау мастер производственного обучения Позднякова Камила Талгатовна, Агротехнический колледж село Каменка, Сандықтауынский район мастер производственного обучения Лозманова Юлия Николаевна, Высший техникум колледж г.Кокшетау отделение Бозайгыр мастер производственного обучения Самсонова Елена Анатольевна, Высший техникум колледж г.Щучинск мастер производственного обучения Шинкаренко Светлана Викторовна, Агротехнический колледж село Красный Яр мастер производственного обучения Тлеужанов Азамат Фаридович, и наш Агротехнический колледж, село Астраханка представляли мастера производственного обучения Усенко Евгения Викторовна, Харченко Елена Павловна. Данный конкурс



## ИСКУССТВО ВКУСА

начался с торжественного открытия, где с приветственным словом выступил руководитель колледжа Суяндиков Канат Отызбаевич. Какой же конкурс без компетентного, независимого жюри, в качестве жюри были приглашены профессионалы в поварском искусстве

Козерук Вадим Петрович шеф-повар ресторана KOREAN HOUSE г. Астана, Буренков Никита Сергеевич шеф-повар частной резиденции г.Астана, Муса Нурсултан Русланұлы шеф-повар FISH BAR г.Астана, Веселова Татьяна Петровна заведующая производством ТОО

### ОБМЕН ОПЫТОМ

"САВУРЕ" г.Астана. Согласно проведенной жеребьевки на протяжении двух дней конкурсанты выполняли конкурсные задания, которые состояли из трех модулей, первый модуль был теоритический, все конкурсанты проходили тестирование, и два последующих модуля были практическими, конкурсанты готовили блюда из курицы со сложным гарниром и десерт «Панна-Котта».

Эти несколько дней были для нас очень плодотворными и интересными, мы познакомились с теми, для кого поварское искусство не просто профессия, а увлечение, которое дает простор фантазии и творчеству, но в любом конкурсе есть победители. По итогам конкурса профессионального мастерства определились фавориты конкурса третье место заняла мастер производственного обучения с Агротехнического колледжа г. Ерейментау Позднякова Камила Талгатовна, второе место заняла преподаватель специальных дисциплин «Агротехнический колледж, село Жанаесиль» Смагулова Айман Максумовна, первое место заняла мастер производственного обучения «Агротехнический колледж, село Астраханка» Усенко Евгения Викторовна, которая представит наш колледж на Республиканском конкурсе профессионального мастерства по компетенции «Поварское дело».

**В. ПУТИНЦЕВА,**  
заместитель руководителя  
по воспитательной работе ГККП  
«Агротехнический колледж,  
село Астраханка».



Октябрь - месяц по социальной поддержке пожилых и инвалидов



## ПУСТЬ ВСЕМ БУДЕТ ХОРОШО

В 1937 году 20 октября, на Украине, в селе Менчекуры, в семье Стрелковских Станислава Фадеевича и Екатерины Тофиловны родился мальчик, родители назвали его Болеславом.



Рос он бойким, любознательным, шустрим мальчуганом, был очень трудолюбивый и всегда помогал родителям по хозяйству. В годы войны было очень трудно. Голод, холод оставили свой неизгладимый след в детской памяти. В 1946 году в школу пошел в 9 лет. Ходить приходилось в соседнее село за много километров, так как, в родном селе школы не было. Когда Болеслав заканчивал 4 класс, умерла мама. После смерти мамы, старшего брата забирают в армию, а Болеслава отправляют в детский дом. Как только брат вернулся из армии, он сразу же забрал Болеслава из детского дома и они вместе уехали жить к тете. В 1956 приехали в Казахстан, в село Камышенка. Вступил в комсомольскую организацию. В 1959 вступил в колхоз, где Болеслав сразу пошел работать на стройку. Работал плотником, электриком. В строительстве

домов в селе всегда помогал всем новоселам и принимал участие. Как архитектор и прораб принимал прямое и важное участие в строительстве костела в селе. Вдвоем с напарником крыл крышу на костеле, который служит людям и в данное время. Женится в 1964 году. Вместе со своей супругой Эмилией Антоновой живут уже 58 лет. Воспитали троих детей и

### НАШИ ЮБИЛЯРЫ

ручные старые часы и дарит им вторую жизнь. Очень хорошо рисует. Болеслав Станиславович приятный собеседник с прекрасным чувством юмора. Всегда может поделиться дельным советом. У него всегда в запасе найдется пара-тройка смешных жизненных ситуаций, способных развеселить любую компанию. Рассказывая какую-либо



сейчас балуют четверых внуков. В 1997 году вышел на заслуженный отдых. Заслуженный ветеран труда имеет множество грамот и писем благодарности от руководства села. Но и даже выйдя на пенсию, он также активно занимается домашним хозяйством и садоводством. В саду у Болеслава Станиславовича растут и виноград, и сливы, и груши, и яблоки. И это все приносит приятную радость. Также наш юбиляр трепетно относится к старинным часам. Реставрирует, ремонтирует настенные и

историю будь она о плохом или хорошем, наш собеседник всегда заканчивает рассказ фразой - «Да пусть им будет хорошо». Внимательный муж и семьянин, строгий, справедливый отец и добрый, любимый дедушка. От всей души хочется поздравить юбиляра с днем рождения и пожелать крепкого здоровья и долгих лет жизни. Оставаться всегда веселым и жизнерадостным, оптимистичным и радовать своих родных и близких еще долгие годы!

С уважением, семья Горбатенко, Квапиш.

## ӘРБІР ІСІНДЕ ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК БАР

Қашанда адам өмірі жасының ұзақтығымен емес, оның елінің-Отанының өркендеп көркеюі, кемелденуі үшін атқарған қызметімен, қоғамға қосқан үлесімен, еліне-жұртына, ағайын-туғанына жасаған еңбегімен, мазмұн-мағынасымен өлшенсе керек. Міне, осындай ауыз толтырып айтарлықтай еңбекті атқарып, адами болмысыңда ер азаматтың бекзаты болып жүрген абзал жан - Дүйсен Қазизұлы Сағадатов 60 жасқа келіп отыр.



Дүйсен Қазизұлының қанға біткен қайырлы қасиеті, бар бітім-болмысына есті ерекшеліктерді сыйдырған азаматқа лайық іскерлігі мен іргелі де ілкімді істері осы бір жігіт ағасымен араласқан, істес, қызметтес және адами қарым-қатынаста болған жұртшылықты тенті ете де, таңдата да алатыны сөзсіз. Өйткені, Дүйсен Қазизұлының жалпы жаратылысы, жан-дүниесі жақсылыққа, жаңалыққа, жарқындыққа қашанда жақын тұрады. Сондықтан да, өзі туып-өскен, кіндік қаны сіңген, талай дөкейлерді тудырған төл топырағының мерейін арттыруға үлес қосқан азаматтардың бірі де, бірегейі де осы нар тұлғалы азамат екені ақиқат.

Ал, алғашқы кәсіпкерлік қадамын жасарда қолындағы бар қоры - автокөлігін сатқандағы азды-көпті қаражаты болғанымен, күнделікті тынымсыз, ұйқысыз түндердегі ерен еңбектің, сондай-ақ, қайтпас қажыр, терең білім, мұқалмас жігердің арқасында бірнеше жылдың ішінде әжептәуір көтеріліп те қалды. Қажырлы еңбекке толы бұл жылдарда Дүйсен Қазизұлының өмірлік жары - Нағима Өтегенқызы өзінің тәжірибесімен бөлісіп, көптеген мәселелерді екеулеп, отбасылық кеңесте шешіп жүрді. Орыс тілінде білім алғанымен жан-дүниесі қазақи, ұлттық рухы басым ержігіт өзіне ғана тән аңғарымпаздығымен,

### МЕРЕЙТОЙ

жаңашылдығымен біршама нәрселерді байқап, көкейіне кондырып та алған болатын. Сөйтіп, аздаған қаржы жинап, Алматы-Екатеринбург тас жолының бойына бірнеше қызмет түрін көрсететін кешен де салып, ауылының адамдарына тұрақты жұмыс орнын да ашып берді. Халқымыздың: «Ақылды бастың алпыс қолы бар»

деген нақыл сөздері де тура осы азамат жайында болар. Көп сөзді білмейтін Дүйсен Қазизұлының бұл салада ойда жүрген жоспарлары тағы бар...

Аудан басшылығы асыл азаматы 2009 жылы Ақмола облыстық мәслихатының депутаттығына ұсынып, және сайлаушылары «бірауыздан» қолдап, сол жоғары лауазымдық қызметке сайланғанда да, 2012 жылдың басында аудандық мәслихатқа депутат болып сайланғанда да, өзінің жұмысбастылығына қарамастан, бірде-бір сессияны, сол жерде қаралатын сұрақтарды назарынан тыс қалдырған емес. Ал, тікелей тапсырмалар туралы айтудың өзі артық.

Көпбалалы отбасында өскендіктен бе, әлде табиғат Ана жаратылысынан бойына сіңірген өресінің өзгешелігі ме, әйтеуір, қашан да қасындағы жандарға қажетінше қамқорлық жасауға дайын тұрады. Адами ізгілікке, қамқорлыққа, қайырымдылыққа, имандылыққа құштарлығы бұл азаматтың жаратылысының имани қырын көрсетсе, жанұядағы жарасымдылық әркімге өнеге боларлықтай.

Мерейтойдың иесі Дүйсен Қазизұлы 60 жылдығымен аудандық мәслихаттың депутаттық корпусы және мәслихат аппараты құттықтайды.

Аудандық мәслихаттың депутаттық корпусы және мәслихат аппараты.

## ОТКРЫТИЕ МЕМОРИАЛЬНОЙ ДОСКИ

В рамках Дня республики в общеобразовательной школе №3 села Жалтыр состоялось открытие мемориальной доски, посвящённой памяти выпускника школы Метельского Виталия Станиславовича.

С приветственными словами выступили гости. Право открыть мемориальную доску было предоставлено заместителю акима Жанар Шахпуговой

и председателю Союза ветеранов боевых действий и миротворческих операций «Казбат» Аскар Шимпееву.

По окончании церемонии при-

существовавшие почтили память погибшего минутой скорбного молчания, и возложили к мемориальной доске живые цветы в знак памяти.

Виталий Метельский родился 1 июля 1974 года в селе Жалтыр. Пошёл в школу в 1981 году и закончил 9 классов в 1990 году. В



этом же году поступил в профессионально-техническое училище № 26 села Астраханка и окончил его в 1993 году по специальностям тракторист-машинист широкого профиля, слесарь-ремонтник и водитель. 19 ноября 1993 года был призван в армию Республики Казахстан. В 1994 году с 26 августа по 4 сентября за успехи в несении службы, был удостоен похвалой. 12 февраля 1995 года в результате выполнения боевых действий на таджикско-афганской границе погиб.

Лаконичные строки короткой биографии. Ему было всего 20 лет. Как это много в историческом измерении. И как мало, если столько отведено судьбой. Он не думал, что погибнет, совершив поступок, о котором скажут потом подвиг. Пусть его короткая жизнь и подвиг станут для всех нас нравственным уроком, уроком долга и чести.

Арман ЖАПАРОВ.



